

#7

(982)

22 наурыз

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак

jasqazaq.kz

jasqazaqkz



Төрлет,

Әз Наурыз!

▼ BRENT \$87.16

▼ USD 451.14 T

▼ EUR 491 T

▼ RUB 4,77 T

«НАУРЫЗНАМА» – ӘЗ НАУРЫЗДЫ ТОЙЛАУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

БИЫЛҒЫ ЖАҢАЛЫҚ – ЕЛІМІЗДЕ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ЖЫЛ САЙЫН ОН КҮН БОЙЫ – 14-23 НАУРЫЗ АРАЛЫҒЫНДА ТОЙЛАНАДЫ. ОНКҮНДІК «НАУРЫЗНАМА» ДЕП АТАЛДЫ.

Ұлыстың ұлы күні қарсаңында жаңа жыл мен көктемнің басталуын бейнелейтін, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар тамыр жайған басты мерекелердің бірін атап өтудің жаңа форматы ұсынылды.

Мәдениет және ақпарат министрлігі мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Сәбит Барлыбаевтың айтуынша, «Наурызнама» онкүндігі Наурыз мейрамының мән-мағынасы мен мазмұнын байытып, түрлі мәдени және дәстүрлі іс-шараларды қамтиды.

Әр күн қазақ мәдениеті мен қоғамының байлығы мен алуан түрлілігін көрсететін белгілі бір тақырып пен құндылыққа арналады. Наурызнама онкүндігі қайырымдылық пен мәдени шаралардан бастап, ұлттық салт-дәстүрлер мен экологиялық акцияларға дейін қоғамның барлық саласын қамтуға бағытталған.

Еліміздің барлық өңірінде өтетін халықтық мерекелер мен мәдени-спорттық іс-шараларға ерекше назар аударылады. Сондай-ақ осы мереке аясында этноауылдар құрылып, жәрмеңкелер, концерттер, спорттық жарыстар және т.б. ұйымдастырылады.

Дегенмен Наурыз мейрамын тойлау онкүндікпен ғана шектелмейді. Республика бойынша әртүрлі форматтағы 10 мыңнан астам іс-шара, соның ішінде көрмелер, фестивалдар, әдеби-музыкалық кештер мен фильмдер көрсетілімдері жоспарланды.

Наурызнама – Ұлы дала дәстүрлерін жаңғырту және қоғамды біріктіретін жаңа құндылықтарды қалыптастыру

- 14 наурыз** Көрісу күні – Амал мерекесі: жасы үлкендерге құрмет көрсету, бір-біріне кешіріммен қарап, мейірімділік таныту
- 15 наурыз** Қайырымдылық: мейірімділік, жанашырлық, тату көршілік
- 16 наурыз** Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні: әдет-ғұрыптарды жаңғырту, ұлттық құндылықтарды ілгерілету, тарихи мұраны жандандыру
- 17 наурыз** Шаңырақ: сүйіспеншілік, құрмет, сенім, жауапкершілік, «Адал азамат» құндылықтарына сай ұрпақ тәрбиелеу, еңбекқорлық, патриотизм
- 18 наурыз** Ұлттық киім күні: шығармашылық, ұлттық бірегейлік
- 19 наурыз** Жаңару: қоғамның барлық салаларын жаңарту
- 20 наурыз** Ұлттық спорт: адами-рухани қасиеттерді дамыту, өзін-өзі кемелдендіру
- 21 наурыз** Ынтымақ: әралуандылықтағы бірлік
- 22 наурыз** Жыл басы: жаңа тарихи кезеңнің басталуы
- 23 наурыз** Тазару: адамдармен және табиғатпен үндестікте өмір сүру

Құтты болсын Ұлыстың Ұлы күні!



Әз-Наурыз - Ұлыстың ұлы күні,
Алтыбақан аясы, ән мен жыры.
Табиғат та бусанып тіріледі,
Теңеліп бар әлемнің күн мен түні.

Уақыт жылжып, ілгері көш барады,
Көнеден дәстүр-салтты еске алады.
Теңге іліп, садақ тартып, асық атып,
Тұсау кесіп жүргізген жас баланы.

Келін алып, бет ашу салтымызда,
Құда түсіп сыйласқан халқымыз да.
Аламан, көкпар тарту, аударыспақ,
Арттырған ежелден-ақ даңқымызды.

Ғаламтөрсіз ескілер өмір сүрген,
Луа-райын жұлдыздан болжап білген,
Не деген өнегелі қазақ халқым,
Жеті атаға толғанда үйлендірген.

Қайда жүрсе, сыйласып сыйған қазақ,
Қымыран, қымыз, шұбат құйған қазақ.
Мал жинаса, бай болу арманы емес,
Қонағы үшін тер төгіп жиған қазақ!

Әділдік, адалдықты жақтаған ел,
Мәдени мұраларын сақтаған ел.
Оң оқы, кері де оқы өзгермейтін,
Қазақ боп туғаныма мақтанам мен!

Марат ТҰРДЫБАЕВ,
запастағы подполковник, Қазақстан
Қарулы Күштерінің ардагері,
тәжік-ауған шекарасындағы
бітімгершілік миссиясына қатысушы



**БҮГІНДЕ КІМ НЕ АЙТПАЙ
ЖАТЫР? ДӘСТҮРГЕ ЖАТ МІНЕЗ-
ҚҰЛЫҚ КӨРСЕТЕТІНДЕЙ, БІЛІП-
БІЛМЕЙ МОЙЫНҒА КҮНӘ
АРТАТЫНДАЙ БАСЫМЫЗҒА
ҚАНДАЙ КҮН ТУДЫ? ЕРКІНДІКТІ
ЕЛІРУМЕН, АШЫҚТЫҚТЫ
АРАНДАТУМЕН ШАТАСТЫРЫП
АЛҒАНДЫ ОТАНДАСТАР
КЕШІРГЕНІМЕН, ҚАТАЛ ЗАҢ
ТАЛАБЫ БАСЫНАН СИПАЙ
ҚОЙМАСЫ АНЫҚ. ӨЙТКЕНІ
ӘРБІР СӨЗДІҢ, ӘР ІСТІҢ ЖҮЙЕСІ
БАР. «ЖҮЙЕСІЗ СӨЗ ИЕСІН
ТАБАР» ДЕГЕН ДАНАЛЫҚ СОЛ
СЕБЕПТІ АЙТЫЛАДЫ.**

Салиқалы БАҚ-тың алтын заңы – өзін-өзі реттеу ісіне көп көңіл бөлу. Ең бастысы, мұндай үрдіс елімізде демократиялық саяси мәдениет қалыптастыруға ықпал етеді. Тіпті жарияланымға қатысты шағым, арыз түскенде, түсінбестік пен дау туындағанда, қадағалаушы мемлекеттік органдарды араластырмай, кәсіби жағынан жоғары білікті мамандардан тұратын ақылдастар кеңесінің, қауымдастықтың, одақтың шешіміне басымдық беру – қай жағынан да қисынды. Шынайы жұмыс істейтін құрылымдар үшін бұл жерде де жауапкершілік жүгі зіл батпан. Өйткені, арызданушы мен БАҚ

тапсырысқа тәуелділіктен бірте-бірте арылу, бірыңғай азаматтық қоғам мүддесін қорғау жолы.

Мұның әділеттікті, өркендеуді мақсат еткен мемлекет үшін тиімділігі орасан.

Ал БАҚ-тың өзін-өзі реттеу тетігі – мемлекет заңдары және Әдеп кодексі. Кезінде, 2012 жылы 30 қазанда, ел тарихында тұңғыш рет Қазақстан Журналистер одағы мен Бас редакторлар клубы бірлесіп талқылап, қабылдаған бұл Кодекс – журналшының кәсіби мәртебесін құрметтететін, оларға сенім артып, жауапкершілігін айқындайтын қағидаттар мен нормалар құжаты еді.

АҚПАРАТ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мемлекет басшысы: «Аңдамай айтылған бір ауыз сөз, ойланбай қабылданған бір шешім елге зардабын тигізуі мүмкін» деп ескертуінің де салмағы ерекше.

Әрине, қоғамдық пікірдің парқы бағаланып, екшелетін заманда өмір сүріп жатырмыз. Дегенмен халық қалт айтпайды: бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желіде жария етілген пікірдің озығы да, тозығы да бар.

Жалпы сөз еркіндігі – журналшылардың әрі жеке, әрі кәсіби жауапкершілігі. Бұқара алдындағы міндеті мен оқырман, көрермен сенімін ақтауы. Сондықтан жауапты БАҚ-тың салада да, бұрқ-сарқ қайнаған редакцияда да өзін-өзі реттейтін, диалог жүргізіп, кез келген күрделі тақырыпты талдап, талқылайтын иммунитеті болады.

Олардың кәсіби артықшылығы – қоғаммен де санасып, саланың мүддесін де ойлап, сенімді жоғалтпауы, барды ұқсатуы, дәстүрге адалдығы мен шығармашылық дамуға ұмтылысы.



арасына түсіп, қос тараптың дұрыс не бұрыс қадамын уәжбен дәлелдеу, объективті шешім қабылдау арқылы журналшылардың кәсіби стандартын белгілеу – үлкен сын. Екінші жағынан, бұрмаланған ақпаратты терістеу немесе оны тоқтату арқылы БАҚ-қа деген сенімді сақтауға тиіс. Одан да маңыздысы: бұл мемлекеттік

Ол кәсіби дербестікті сақтап, қоғам мүддесіне қызмет етудің жолын нұсқады. Журналистика факультеті табалдырығын аттаған студенттен бастап, кәнігі қаламгерге дейін оқып, көкейіне тоқуға тиісті Әдеп кодексіне, өкінішке қарай, тиісті дәрежеде көңіл бөлінбей келе жатыр. Демократия жолымен қабылданған құжатты толықтыруға,

өзгертуге де болар еді. Алайда бұған ден қойып, пайдалануына байыпты БАҚ-тардың (оның ішінде құрылтайшыға тәуелділері де, мемлекеттік меншіктегісі де бар), сондай-ақ бесаспап, тәжірибелі журналшылар құлықсыздығы кедергі болған секілді. Әлем тәжірибесіне қарасақ, мұндай ережелер, кодекстер тым тәуір қолданылып келеді.

Әрине, дүниеде болып жатқан құбылыстар БАҚ саласын айналып өтпейді. Өзгерістерге орай жұртшылықпен және масс-медиамен байланыс орнатудың, жұмыс істеудің форматтары да күрделене түсті. Журналшы-фрилансерлер, блогерлер саны күн сайын көбейіп келеді. Түрлі коммуникацияларды, соның ішінде әлеуметтік желілерді пайдаланудың қолайлы, икемділігімен қатар өзіндік проблемалары да шығып жатыр. Ақпараттың жалғандығын, фейк екендігін анықтауға бұрынғы дәстүрлі әдістер аздық етуде. Хабардың, жаңалықтың шынайылығын тексеретін жаңа технологияларды, арнайы бағдарламаларды енгізбесе, іс насырға шабатын түрі бар. Осыған байланысты халықаралық қауымдастықтар түрлі бірлескен жобаларды әзірлеуде серіктестер іздеп жатқаны да тегін емес.

Алдағы кезде ақпараттық қауіпсіздік мәселесі әлем үшін ерекше мәнге ие болары хақ. Біздің еліміз үшін де ең маңызды әрі қымбат салаға айналады. Бұл елдің есік-терезесін, қақпасын тарс жауып, іргесін бүркеп алу дегенді білдірмесе керек. Ақпараттық шабуыл, қатер көктен де, жерден де келуі мүмкін, әрі күтпеген тұстан тұтқиылдан тап береді. Кез келген қауіп-қатер ең әуелі ақпарат арқылы жетеді. Сөйтеді де адамдардың санасын сансыратады, ұғым-түсінігін басқа жаққа қарай бұрып дүрліктіреді. Адам сана-сезіміне ең бірінші

ақпарат ықпал етеді. Сондықтан осы саланы нығайтуға қаржы аямаған жөн. Бүгінде әлемге көз салыңыз, қым-қуыт ақпараттық майдан жүріп жатыр. Ақпараттық терроризм тағы бар. Осындай қатерге қарсы тұра алатын әлеует, иммунитет қалыптастыру қажет. Мұндай әлеует бізде бар. Енді оны әрі қарай жоспарлы, жүйелі түрде күшейтуге көңіл бөлетін кез келді. Алда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін арнайы мамандар буынын даярлау міндеті тұр деп ойлаймыз.

Демократиялық жолмен қанат жайып, өркениеті өрге озған мемлекеттердің салиқалы, салмақты басылымдары дәстүрлі нұсқасынан бөлек электрондық сайттарын ашқанын білеміз. Олардың көпшілігі ғылымның, цифрлық технологияның жетістіктерін, жасанды интеллекті қолдану аясын насихаттауға басымдық беруге көшіп жатыр. Мысалы, жер орбиталарының төменгі, жоғары бөліктерін пайдалану, ғарышты игеру жолдарын кеңінен талқылауы – осыған дәлел. Жуық арада жүзеге асатын осындай ізденістер барлық салаға жаңалық әкелетіні жөнінде мақалалар, аналитикалық зерттеулер жариялана бастады. Оның қоршаған ортаға, халықтың денсаулығы мен көңіл-күйіне, әлеуметтік-тұрмыстық деңгейіне оң әсер беретіні айтылып жатыр. Әрине, иландыру арқылы. БАҚ ықпал етудің осындай ұтымды жолын ғана пайдаланады.

Міне, мұны оразды елдердің сөз бостандығы мен ақпарат тарату ісіндегі өнегесі деуге болады. Оқырмандар үшін саясаттан, айтыс-тартыстан гөрі осындай адамзат өміріне анағұрлым жақын, пайдалы тақырыптардың көкейкесті екені біраз ойға жетелесе керекті. Басқаша айтқанда, заманауи басылымдарды қызықты, тартымды ету журналшылардың біліктілігіне, ең бастысы, кәсіби шеберлігіне

байланысты екені белгілі.

Әр түрлі кәсіп иелерінің, мықты мамандар мен сарапшылардың сындарлы ұсыныстары да кәсіби жауапкершілікке негізделеді.

Бүгін еліміздегі ақпарат көздері түгел мемлекеттік мүддені қорғап, насихаттайды деп айта алмаймыз. Сондықтан ақпарат кеңістігімізді сыртқы ықпалдан қорғаудың өзін баспасөз бостандығын сақтау тұрғысынан қарастыруға тура келеді. Оны шешудің мәнді бір жолы – өз азаматтарымыздың беделді, пәрменді, сапалы отандық басылымдармен байланысын арттыру. Азаматтық қоғам міндеті – мемлекеттегі саяси тұрақтылық пен ел мүддесін бірлесіп қорғау. Әрбір азаматтың санасында, ой-өресінде «ақпараттық қорған» қалыптасса, оның билікке, баспасөзге деген сенімі нығаяды. Отбасы, Отаны алдындағы азаматтық борышын сезінеді. Өйткені, қазіргі заманның басты құралы, тиімді тетігі – ақпарат. Көзі ашық, сауатты адам сапалы яғни сауатты да пайдалы ақпарат іздейді. Тапқанын сараптай біледі, таңдағанын парықтайды.

Бүгін ақпарат жағынан қорғансыз болу – мемлекет үшін де, жеке адам үшін де қатерлі. Сондықтан еліміздің экономикалық, әлеуметтік, геосаяси, рухани мәртебесін, мүддесін арттыруда, жаңа саяси мәдениет қалыптастыруда отандық БАҚ-тың рөліне ерекше мән беру қажет. Бұл абыройлы миссия журналшылардан үлкен жауапкершілікті талап етеді.



ДАРХАН МЫҚБАЙ,
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

ҚАЗАҚСТАНДА БЕС ЖЫЛДАН БЕРІ ЖҰМЫС ІСТЕП КЕЛЕ ЖАТҚАН «ASAR-UME» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ ОСЫ УАҚЫТ ІШИНДЕ МЫҢДАҒАН ЖЕТІМ-ЖЕСІРГЕ ӨЗ ШАПАҒАТЫН ТИГІЗІП ҮЛГЕРДІ. ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАНДАРДЫҢ АРҚАСЫНДА ЕЛІМІЗДЕГІ 892 КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫ МЕН ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАЛАРҒА ҮЙДІҢ КІЛТІ ТАБЫСТАЛЫП, БЕС МЫҢҒА ЖУЫҚ БАЛАҒА БАСПАНА БАҚЫТЫ БҰЙЫРДЫ. ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДА СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ДА БАР. АЙМАҚТА ОСЫ ЖҰМЫСТЫ ҮЙЛЕСТІРІП ОТЫРҒАН ЕРІКТІ ӘНУАР ТОҚПАНМЕН ӘҢГІМЕМІЗ «ASAR-UME» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫНЫҢ АТҚАРЫП ОТЫРҒАН ЖҰМЫСЫ, АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАРЫ ЖӘНЕ МАҚСАТ-МІНДЕТІ, ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МИССИЯСЫ ТӨҢІРЕГІНДЕ ӨРБІДІ.



– Әнуар Бердібекұлы, ең алдымен, «Asar-Ume» қоғамдық қорының тарихына тоқтала кетсеңіз: қор өз жұмысын қашан бастады, құрылуына қандай жағдайлар және кім түрткі болды?

– Осы заманғы қоғамда әйелдер қауымы өмірде қиын жағдайға тап болатыны ешкімге де құпия емес. Соңғы кезде ерлер қауымының біраз бөлігі ұсақталып кеткені ащы болса да шындық. Қорған болады деген азаматынан айрылған немесе қорлық көрген қыз-келіншектердің барар жер, басар тауы жоқ. Көбі дағдарыс орталықтарын жағалайды. Қордың құрылуына

ұйытқы болған марқұм Жаһангер Ахатқызы апай да бастапқыда осындай әйелдерге арналған дағдарыс орталығын ашып, қолынан келген көмегін көрсетті. Бірақ кейін уақытша қамқорлық мәселені түбегейлі шеше алмайтынын, тағдырдың тауқіметін тартып отырған жетім-жесірге керегі баспана екенін түсініп, міскіндерге арналған үй салу үшін өзінің Алматы облысындағы жер телімін ұсынады. Үлкен жүректі асыл адам қайырымды жандардың арқасында әлеуметтік тең қоғам құрылатынына, жетім-жесірдің көз жасы азаятынына, бақытты отбасылардың қатары қалыңдай түсетініне өле-өлгенше сеніп өтті. Қайырымдылықтан қол үзген жоқ, мектептерге, жетімдер үйлеріне, мешіттерге үнемі қолынан келген көмегін аямайтын. 2018 жылы ол мешіттердің біріндегі қайырымдылық қорға жетім-жесірлерге арналған үй салу туралы ойын айтады. Кейін, ол

кісінің ойы жүзеге асырылып, қайырымдылықпен айналысып жүрген біршама жандар, кәсіпкер Асхат Нұрмашевпен бірлесе отырып, «Asar-Ume» қайырымдылық қорын осылайша құрған болатын.

– Бүгінде қор қандай жұмыс атқарып отыр?

– Қор президенті Асхат Нұрмашев өз тәжірибесінен байқағанындай, мұқтаж жандарға азық-түлік, киім-кешек, дәрі-дәрмек, садақа берудің тиімділігі шамалы. Тіпті осы

«ЖЕТІМДІ ЖЕБЕ, ЖЕСІРДІ ЕЛЕ»

арқылы өз қалтасын қампайтуға ниетті адамдар да жоқ емес. Әрі масылдық пиғыл туындауы ғажап емес. Ал үй сатып әперудің орны бөлек: бірден бірнеше мәселе шешімін табады. Ең қарапайым мысалды алайық: тұрғылықты жері бойынша тіркелмеген әйел мемлекеттен ешқандай жәрдемақы да ала алмайды, емханаға тіркеліп, емделуге де қақысы жоқ.

Сондықтан меценаттар, құрылыс компаниялары көмек қолын созған соң, бірден құрылыс материалдары сатылып алынып, жетім-жесірлерге арналған көппәтерлі үйдің іргетасы қаланды. Ұйым жұмысы осыдан басталды. Бүгінде еліміздің әр өңірінде жұмыс істеп жатқан жайымыз бар. Біздің облыста бұл қордың өкілдігі осыдан төрт жыл бұрын ашылды. Бүгінде өңірде отыз шақты ерікті жұмыс істеп жүр. Осы уақыт ішінде 9 отбасын баспана бақытына бөледік. Онда тәрбиеленіп отырған балалар саны – 48. Жуырда ғана Қызылжар

ауданына қарасты Прибрежное ауылынан көп балалы, жалғыз басты анаға үй алып бердік. Жақында қоныс тойы тойланбақ.

«Жетім көрсең, жебей жүр, жесір көрсең, демей жүр» деген тәмсіл бар. Осы күнге дейін еліміз бойынша бес мыңға жуық бала баспаналы болды. Алда келе жатқан Рамазан айында Қазақстанда 150 отбасын баспана бақытына бөлеу туралы жоспарымыз бар. Солтүстік Қазақстан облысында үш отбасына үйдің кілтін табыстамақшымыз.

Қайырымдылық ұйымы мұқтаж жандарға үй алып берумен ғана шектелмейді, балаларының білім алуына, ата-аналарын жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу де

осындай отбасылардан шыққан балаларға Петропавл қаласындағы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне де грант бөлу туралы жоспар бар.

– Отбасыларды қандай критерий бойынша таңдайсыздар?

– «Asar-Ume» қоғамдық қоры ең алдымен тек көпбалалы отбасыларға көмектеседі. Отбасында кемінде бес бала болуы керек. Бұл жанұялар толық немесе асыраушысынан айырылған болуы мүмкін. Өз үйі жоқ, табысы айына 170 мың теңгеден аспайтын адамдардың арасынан іріктеледі. Мүгедек баласы барлар немесе отағасы жарымжан болса, ондай отбасыларды төрт баламен

қой терісін жамылған қасқырлар кейде өз қарақан басының қамын ойлайтыны қамықтырады. «Asar-Ume» қорының жұмысы, қаржы-қаражат қозғалысы қаншалықты ашық?

– Жалпы, қор ашылған сәттен бастап ашықтықты мақсат етті. Сол үшін бірінші күннен бастап әлеуметтік желіде, қордың арнайы парақшасында қаржының қандай мақсатқа жиналып, жұмсалғаны туралы есеп береді. Қазақстандық блогерлер әр шараға шақырылады, барлығын бүкпесіз ашық көрсетеді. Контент-жоспарымыз бар. Қордың ресми шоты бар. Қанша қаржы түскені, қандай үй салынғаны, тіпті қандай есік-терезе және



қарастырылған. Бұл мақсатта «Өркендеу» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Ата-аналарын бизнеске баулысақ, балалары лагерьде демалып, одан соң да жан-жақты дамуы үшін жағдай жасалады. Кейін жоғары оқу орындарына грант бөлінеді. Келесі жылы

қарастырамыз. Алаяқтыққа жол бермеу үшін, олар қатаң іріктеуден өтеді. Тіпті көрші-қолаңмен де әңгімелесеміз.

– Қазіргі қоғамда қайырымдылық қорларына сенім азайғаны өтірік емес. Жоғарыда айтылғандай,

т.б. алынғаны, қанша ақша жұмсалғаны, кімге үй берілгені, ол қалай таңдалғаны – бәрі-бәрі алақандағыдай. Жыл сайын аудиторлық ұйымдар тексеріс жүргізеді. Тексеріс нәтижелері «Asar-Ume» қоғамдық қорының сайтында жарияланып отырады.

Қазір не көп – қайырымдылық қоры көп. Бірақ ашықтық жоқ, кейде жұмыс дұрыс ұйымдастырылмаған. Сондықтан біздің мақсат – алдағы уақытта барлық қайырымдылық ұйымдарының басын біріктіріп, «Қызыл крест» немесе UNICEF сияқты әлемге әйгілі қазақстандық қайырымдылық брендин құру.

Айгүл ТАЕВА,

6 баланың анасы:

«Жұбайым қайтыс болған соң, далада қалғандай күй кештім. Отбасының жалғыз асыраушысы сол еді. Жалдамалы пәтер ақысын



отырған жайым бар. Қайырымды жандарға алғысым шексіз».

«ЖЕТІМДІ ЖЕБЕ, ЖЕСІРДІ ЕЛЕ»



да өзі төлейтін. Мен жұмыс істеген жоқпын. 6 баламның төртеуі әлі кішкентай. 2021 жылы «Asar-Ute» қоғамдық қоры маған Мағжан Жұмабаев ауданының орталығы Булаево қаласынан үй алып бермесе, қазір қалай күн көрерімді елестетудің өзі қиын. Баспана жаңа болмаса да, жөндеу

жасалған, ішіне су тартылған, барлық жағдай жасалған. Ауласы кең, балаларға ойнауға ыңғайлы. Тіпті моншасы мен қорасы да бар. «Asar-Ute» маған өз кәсібімді ашуға сертификат сыйлаған болатын. Сол қаржыға он шақты қой сатып алып, қазір осы істің арқасында күн көріп

«Қаз-үйректің панасы – көл, жетім-жесірдің панасы – ел». Ендеше біздің жұмысымыз жүрегі кең, қолы ашық азаматтардың көмегінсіз мүмкін емес. Қордың тұрақты серіктестері бар. Көмек қолын созғысы келген адамдар болса, садақа қабылдауға кет әрі емеспіз. Біздің миссиямыз – тіпті 200-500 теңгемен де маңызды мәселелерді шеше алатынымызды, көбі өз қолымызда екенін қоғамға көрсету. Асар – қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрі ғой, садақа да бізге жат емес.

Қорыта айтқанда, қордың негізгі бағыты – жетім-жесірлерді баспанамен қамтамасыз ету. Екіншіден – білім беру және жұмысқа орналастыру. Алдағы уақытта қаржылық сауаттылық, отбасы бақыты туралы тренингтер өткізу туралы жоспар бар.

– Бір хадисте Пайғамбарымыз: «Жесір мен мен жетімге көмектесу – Алла жолындағы жиһадпен тең», – деген екен. Ендеше осы жолдағы жұмыстарыңыз сауаптан болсын! Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Роза ШӘКЕНОВА,
Солтүстік Қазақстан облысы



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КҮНІ: БӨБЕКТЕР ҮЙİNДЕГІ ҚУАНЫШ



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КҮНІ АЯСЫНДА ШЫМКЕНТТЕГІ БӨБЕКТЕР ҮЙİNДЕ «НАУРЫЗ – МЕРЕКЕМ, НАУРЫЗ БЕРЕКЕМ» АТТЫ ІС-ШАРА ӨТТІ.

Шымкент әкімінің баспасөз қызметі жазғандай, салтанатты жиынға қалалық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері, мекеме демеушілері мен кәсіпкерлер қатысты.

Мерекелік кеш кезінде бөбектер үйіндегі тәй-тәй басып келе жатқан бүлдіршіндердің тұсау кесу рәсімі өткізілді. Қайырымдылық шарасында балаларға сыйлықтар тарту етіліп, мерекелік дастарқанда «Наурыз көже» берілді.

Кеш соңында балалар қонақтарға ән айтып, би билеп, өнерлерін көрсетті.

Қалалық денсаулық сақтау басқармасына қарасты бөбектер үйінде 41 бала тәрбиеленуде. Орталықта 4 жасқа дейінгі жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, сонымен қатар ақыл-ой және дене дамуында ақаулықтар кездесетін балаларға мамандандырылған медициналық көмек көрсетіледі.

Артық атына сай бай болған деседі. Оның байлығы өлшеуге де келмейтін. Сірә, өзі де не малының, не мүлкінің санын білмейтін-ау.

Әкесінен қалған мұра да еместін.

Өзінің іскерлігінің арқасы. Іскерлігі соншама кейде адамгершіліктің не екенін ұмытушы да еді. Оның артынан тәкаппарлыққа да душар болды. Ал ашкөздігі аңызға айналған-тын.

Табысты жігіт ешкімнен де қорықпайтын, тіпті Құдайдың да барлығына күмәні бар деп жұрт жағасын ұстайтын.

Пайдаға келгенде ешкімді аямайтын, өзінікін жібермейтін, басқаныкіне де ұялмай қол сұғатын дейді.

Кішігірім аудан орталығында одан мықты тұлға да болмаған болар. Келген менмін деген қонақтар да соның үйінен шықпайтын, ал оларды ол күте білетін. Бәкелеп, қолпаштап сый құрмет көрсетіп байлығын арттыра білген.


Ээ, қуыс жанды ағамыз талай қаракөздің көз жасына да қалды-ау. Өзінің ақиқаты болушы еді. Мен болмасам басқа дегендей.

Содан болар, ел ішінде, артынан Текең деп қырсық жануармен теңеп атап кеткені.

Тек бір ғана әлсіздігі болатын. Үлкен ұлы. Түрі өзінің аузынан түскендей, зерек, пысық, келбетті бала болып келе жатқан. Елдің айтуынша, бала мінезімен әкесінен әлдеқайда жақсы болушы еді деседі. Тіпті адам емес жәндікке жаны ашығыш, біреудің көңіліне алаңдап, аузындағы асын бере салатын мейірімді жан болған деп қоятын танығандар.

ТӘУБА

(ӘССЕ)



Әкесі ол қылықтарына ренжісе де баласын қатты жақсы көретін, «әй-шай» демей, айтқанын екі етпей орындайтын. Қандай еркелік көрсе де бала бұзылмады, керісінше өсіп қалған ол кейде әкесінің опасыз істерін көріп қалса «бұныңыз не» деп сөйлейтін. Ол кездерде Арекең аяқ тартып қалатын.

«Осы бала Текеңді өзгертеді-ау» жақсы жағына деп жұрт күлетін, ауыздарына Құдай салып тұрғанын қайдан білсін қара халық...

Шикылдаған тежегіштің дыбысы, күйген резеңкенің иісі Текеңнің құлақ-мұрнынан кетпейтіндей болды сол күннен. Ішіп алып қатты жылдамдықпен айдап келе жатқан көлігін игере алмай Текең жолдан ұшқан. Есінен танып бара жатып қасында болған он беске келіп қалған ұлының жан тапсырғанын түсінеді.

Ауруханада болып, баласының жерлеуіне де бара алмады. Өмірден түңіліп, ас жеу емес, сөйлеуге мұршасы жоқ деп елдер сыбырлап жатты.

Иә, дос түгілі жауыңа да тілемейтін қайғы басына түсті. Өзін-өзі жеуден басқа қандай амалы бар. Ұлына талай жоспар құрып қойған ол басын жерге ұрумен болды.

Бір мезетте өзгерді. Біреулер есінен ауды деп жатты. Кірген-келгеннен кешірім сұрап жатыр деп жатты біреулері.

«Ақыңды жеп, ренжітіп қойсам, кешір мені» деп тоқтамайды деседі. Аң-таң болған халық арты немен бітетінін күтумен әлек...

Әрине, туыс, бауырлары бар ғой Арекеңнің. Құдай қосқан қосағы да

көзі тірі. Бас қаланың менмін деген дәрігерлеріне көрсетіп, емдеуге тырысты. Бірақ нәтиже болмады-ау. Көрген адамынан кешірім сұрап жүр деп жатты білгендер.

Кейіннен үлкен қалаға оқуға кетіп, жастықтың ысымен оқиғаны сәл ұмыта да бастадым. Әрине, Арекең ем көмектеспеді деп естігем, үйінен кетіп қалып, көше кезіп, сол білген-көрген адамынан кешірім сұраумен жүр дейтін.

Туыстары іздеп тауып алып, үйіне әкеліп, жуып-шайып шығармауға



тырысты. Бірақ байлап қоя алмайды ғой, бір амалын тауып кетіп қалатын.

Бір күні менде оны қаланың шетінде жұмыстарыммен жүріп көріп қалдым. Бұрынғы бетіне қаратпайтын Арекеңде түр жоқ, бір үйдің бұрышында басы салбырап отыр екен. Қасына барып амандасып, жөн сұрастым.

Сұрастыра келе әкемді танып, ауылдас екенімді біліп қуанғандай болды.

Есінен танған, ауру деген белгілерді дым сезбедім. Ақылын айтып, жөнін білдіріп жатты. Керемет жан деп те қалдым, дүркіреп тұрған кезіндегі жүрісін тек ел аузынан еститінбіз ғой.

– Тағдыр солай, балам, – деп қояды. – Еш дүние, мансап өмірдің рахатын бере алмайды, кепіл жоқ, бәрі уақытша. Ең бастысы, ешкімнің ақысын жеме, Құдайдың барын ұмытпа, – деп орнынан кенеттен тұрып кете берді.

– Аға ауылға апарып тастайын ба, – деп артынан айтып қалдым.

Маған бұрылып «кешір мені, балақай» деп кете берді. Сол кезде ғана көзіне толған мұңды, үмітсіздікті байқадым. Әлі де болса жүрегіндегі ауырлық кетпей, дертті екені білінді.

Иә, құдіретті Аллаһ бір мезетте алыпты бейшара қылып жіберетін өзің екеніңе көзім жетті. Арекең тағдырын қабылдап, өмірін кешірім сұраумен өткізуге бел буғанын түсінгендей болдым.

Талай адамның ақысын жеп байыған ағамыз, осылай мүмкін Алланың кешірімін іздеген

болар.

Бірақ тәубаға кейде тек жамандықтан кейін келетініміз қандай өкінішті... Иәәә, тағдыр...

Абырой ХАЛЫҚҰЛЫ

(Жазылым автордың ойынан шығарылған, нақты адамдармен ұқсастық кездейсоқ)



АЛМАТЫДА ҰЛТТЫҚ КИІМ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ



**НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНА АРНАЛҒАН
ОНКҮНДІК АЯСЫНДА ЖАМБЫЛ
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
АКАДЕМИЯЛЫҚ ФИЛАРМОНИЯСЫНДА
ҰЛТТЫҚ КИІМ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ.**

Алматы әкімінің баспасөз қызметі жазғандай, іс-шара ұлттық киімді насихаттау мен осы бағытта жұмыс істейтін дизайнерлерді ынталандыруға бағытталды.

Қатысушылар арасында еңбек сіңірген қайраткерлер мен жас дарын иелері бар. Дизайнерлер дәстүрді заманауи дүниемен үйлестіре отырып, бірегей топтамалар ұсынды. Кеш Италияда сән көрсетіліміне қатысып, әлем елдерін ұлттық образымен тәнті еткен «Алматы әжелері» топтамасымен ашылды.

Сән және дизайн колледжінің «Сапура» топтамасы ұлттық мұраның құндылығын көрсетті, ал «Ай Қыз» шығыс қыздарының стилін паш етті.



Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші

Мақпал НОҒАЙБАЕВА
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)